


Келісемін: 
«Күншуақ» б\б әдіскері:
Н.Б.Абишева

Бекітемін: 
«Күншуақ» б\б меңгерушісі:
Р.К.Муканова

2021 – 2022 оқу жылына
«Айгөлек» ересек тобының
«Сауат ашу» вариативті компоненті бойынша
перспективалық жұмыс жоспары

Тәрбиешілер: Ф.Н.Кажатова
Л.Х.Гельманова

Түсіндірме хат

«Сауат ашу» үйірмесі ересек жастағы балалардың жас ерекшелігіне байланысты ана тілінің ережелері мен базалық нормаларын игерту, олардың нақты жағдайларда қолдана білу іскерілген қалыптастыру, негізгі коммуникативтік қабілеттерді меңгерту. Осы үйірмеде тапсырмаларды орындай отырып дыбыс, буын, сөз және сөйлем дегенінің не екенін үйренуге болады

Міндеттері:

1. Артикуляциялық аппараттарын дамыту және сөздер мен барлық дыбыстарды дұрыс айтуға даярлау.
2. Сөздердің грамматикалық формасын қалыптастыру.
3. Баланың байланыстырып сөйлеу және әңгімелеу, диалог арқылы тілдесу дағдыларын жетілдіру.
4. Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды, сөздерді қосуды кеспе әріптермен сөз жаза білу дағдыларын жетілдіруді үйренеді.

Сауат ашу (педагогтерге арналған) мектепке дейінгі ересек жастағы балаларды тәрбиелеу мен оқытуға арналған «Біз мектепке барамыз» бағдарламасы бойынша – Алматы: «Алматы кітап баспасы», 2014-188 бет. **Г.Ж.Тұрсынбаева, Қ.І.Үкібас.** қолдануға ұсынылған

Р/с	Тақырыбы	Бағдарламалық мазмұны	Қолданылатын көрнекіліктер	Сөздік жұмыс	Сағат саны
1	Сөз	Сөз туралы ұғым беру. Оқушылардың тілін, ойын арқылы дамыту. Ойлану және дұрыс сөйлеу мәдениетіне және табиғатты сүйуге тәрбиелеу.	Жұмыс дәптері, демонстрациялық құралдар	Сөз	2 07.09.21 14.09.21
2	Сөздер мен дыбыстар	Сөз, дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік беру. «А» дыбысымен және әрпімен таныстыру. Ауада жазып көрсету «Гүл» нүкте бойымен сурет салу.	Жұмыс дәптері, демонстрациялық құралдар	Әліпби	2 21.09.21 28.09.21
3	«А» дыбысымен және әрпімен таныстыру	А әрпін таныстыру, А әрпі бар сөздерді оқуға, жазуға үйрету. Сөздік қорларын дамытып, көркем жазуға баулу. Балаларға А дыбысы бар сөз, сөйлем, ойлап табуына назар аудара отырып, сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу	Жұмыс дәптері	Алма	2 05.10.21 12.10.21
4	«Н» дыбысымен және	Буындарды оқу: НА, НҰ, НО, НЫ, Қ	Жұмыс дәптері	Нан	2 19.10.21

	әріпмен таныстыру	ысқа сөз құрау.НАН,НҰР, «күшікті» төркөз бойымен салу.			26.10.21
5	«Ғ» дыбысымен және әріпмен таныстыру	Буындарды оқуға:ҒА,ҒҰ,ҒЫ,ҒО,ҒӘ, сқздерді оқу;АҒА,ҒАРЫШ Дауысты жіне жаыссыз дыбыс ерекшелігі туралы түсінік беру.Өрнектер салу ,штрихтау.	Жұмыс дәптері,демонстрациялық құралдар	Ғарыш	2 02.11.21 09.11.21
6	«Р» дыбысымен және әріпмен таныстыру	«АРА», «АРПА» сөздеріне дыбыстық талдау жасау.Буындарды оқу:РА,РҰ,РО,РЫ,РӘ, және қысқа сөздерді оқу:АРА,ОР,НАР,Сөйлем құрау.Сөйлеммен танысайық.Балаларға сөйлем туралы түсінік беру .Суретке қарап сөйлем құрау .Жоғары және төменгі жағында имектері бар ұзын және қысқа таяқшалардысалы.	Әріп қимылдары қолайна,жұмыс дәптері	Қырман	2 16.11.21 23.11.21
7	«О» дыбысымен әріпмен таныстыру	Буын туралы түсінік беру.Сөздерді буынға бөлуге үйрету. «Буын», «Дауысты дыбыс» терминдерімен таныстыру.Қолбеу таяқшаларды салу, «Көбелекті» штрихтау.	Қолайна,жұмыс дәптері, әріп қималары.	Орақ	2 30.11.21 07.12.21
8	«Қ» дыбысымен және әріпмен таныстыру	«Қар», «Қас» сөздеріне дыбыстық талдау жасау.Буындарды оқу:ҚА,ҚҰ,ҚО,ҚЫ,ҚӘ .Қысқа сөздерді	Қима әріптер,қолайна жұмыс дәптері,демонстрациялық құрал	Сырмақ	2 14.12.21 21.12.21

		оқу:ҚАН,ТАҚ,АҚ.Төр көздермен сурет салу,штрихтау.			
9	«М» дыбысымен және әріпімен таныстыру	«МА-МА», «МА-СА» сөздеріне дыбыстық талдау жасау.Буындарды оқу:МА,МҰ,МО,СЫҚ, МҰ-РАТ,АР-МАН.Түрлі дыбыстық құрылымды үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау,өрнектер салу.	Жұмыс дәптері қолайна	Мөңірейді	2 28.12.21 11.01.22
10	«Б» дыбысымен және әріпімен таныстыру	Буындарды оқу:БА,БҰ,БЕ,БО.Сөздерді оқу: БАРАБАН,БАЛА,БАЛ	Көркем сурет,бақаның дәлбедерің әріп қималары	Шулайтын	2 18.01.22 25.01.22
11	«С» дыбысымен және әріпімен таныстыру	«САН» сөзіне дыбыстық талдау жасау.Буындарды оқу:СА,СО,СӘ, қысқа сөздерді оқу:САТ,ҚАС,АС.	Көркем сурет,жұмыс дәптері	Әуеден	2 01.02.22 08.02.22
12	«Ң» дыбысымен және әріпімен таныстыру.	Қысқа сөздерді оқу: АҢ,ТАҢ, «АҢ» сөзіне дыбыстық талдау жасау.Түрлі дыбыстық құрылымды төрт дыбысты сөзге дыбыстық талдау жасау.	Көркем сурет,жұмыс дәптері,әріп қималары	Тың,шық,ің ір,сіңір	2 15.02.22 22.02.22
13	«Е» дыбысымен және әріпімен таныстыру.	Түрлі дыбыстық құрылымды үш дыбысты сөздерге дыбыстық талдау жасау.	Қысқы киімдердің суреттері, әртүрлі мата, қайшы, желім.	Зер,зергі	2 01.03.22 15.03.22
14	«І» дыбысымен және әріпімен таныстыру	«ІНІ», «ІЛМЕК» сөздеріне дыбыстық талдау жасау.Қысқа сөздерді оқу: ІН,ТІК,КІР.	Тақырыптық суреттер		2 29.03.22 05.04.22

1 5	«Ә» дыбысыме н және әрпімен таныстыру .	Әріптегі тиісті дыбысқа сәйкестендіру біліктеріне жаттықтыру.Сызбаны нң көмегімен жалаң және жайылма сөйлемдер құрастыруға үйрету.	Көркем сурет , жұмыс дәптері ,әріп қималары,қолай на	Бөпе	2 12.04.22 19.04.22
1 6	«Ө» дыбысыме н және әрпімен таныстыру .	Буындарды оқу:ӨР,ӨН,ӨТ,ӨС.Қы сқа сөздерді оқу:ӨРТ,ҚАН,ТАҚ,А Қ, «Өмір» сөзіне дыбыстық талдау жасау.Нүкте бойымен сурет салу.	Көркем сурет , жұмыс дәптері ,әріп қималары, қолайна.	Ағын,өткел, қаймықпа, Өңеш	2 26.04.22 03.03.22
1 7	«Ү» дыбысыме н және әрпімен таныстыру .	«Үскі» сөзіне дыбыстық талдау жасау.Қысқа сөздерді оқу: ҮН,ҮШ,СҮТ.	Көркем сурет , жұмыс дәптері ,әріп қималары,қолай на	Бөбек,үскі	2 17.05.22 24.05.22
1 8	Қайталау	Дидактикалық ойындар арқылы өткен оқу қызметін пысықтау	Көркем сурет , жұмыс дәптері ,әріп қималары,қолай на	Ұстахана	2 31.05.22
Барлығы				36	

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 07.09 – 14.09.2021ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: Сөз

Мақсаты: Сөз туралы ұғым беру. Оқушылардың тілін, ойын арқылы дамыту. Ойлану және дұрыс сөйлеу мәдениетіне және табиғатты сүюге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдары: Әліппе- дәптер, дыбыстың жазылу түрлері.

Іс-кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі. -Балалар, бүгін бізге қонаққа Тапқышбек келіпті, ол бізге сөз туралы ұғым беру үшін әртүрлі ойындар әкеліпті. Сол ойындарды ойнап көрелік. -Бірінші ойын Буындардан сөз құра -Балалар мынау ненің суреті? -Дұрыс, ағаштың сабағы екен. Сабақтың жапырақтарында буындар жазылған. Оң жақтағы және сол жақтағы және буындарды қосып сөздер құрайық. -Ба-лық, ба-ю, ба-қа, қа-сық, та-уық, мы -сық.	Балалар назарын сабаққа аудару. Балалар Тапқышбекпен танысады. Оның ойындарын ойнауға келіседі. Буындардан сөз құрайды. Сұрақтарға жауап береді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Тапқышбектің алғашқы ойынын жақсы ойнадыңдар. -Екінші ойын Сөздерден сөйлем құра Мына берілген сөздерден сөйлем құрастырайық. Бақа суда жүреді. Балық та суда жүреді. Мысық- өте әдемі. Қоңыз - жәндік. -Біздің үшінші ойынымызды былай ойнаймыз. Әрбір сөзде неше әріп болса сонша нүкте қояйық. Бірінші сөз ою екен. -Енді балалар, біз бағанадан бері шаршадық. -Келесі ойынымыз Сөз құрастыр -Қараңдаршы, мынау ненің суреті?	Екінші ойын Сөздерден сөйлем құра ойыны ойнау. Сөздерден сөйлем құрау. Әрбір сөзде неше әріп болса, сонша нүкте қояды. Балалар сөздер құрастырады.

	-Қарандаршы, күннің бетінде және шашыраған сәулелерінде буындар жазылған. Солардан сөз құрастыру. Ойыннан соң балаларды сергіту сәтін Әрқашан күн сөнбесін әнін айтып беру. -Енді балалар, суретке қарап сөйлем құрастырайық. Мына ойында сандарды кіргізіп сөздер беріліпті. Сол сөздерді тауып көрелік. T10 - тон, қ10 ақ, к3- күш, 5-ік- бесік -Балалар , біз бағанадан бері ауызша ойындар ойнадық. Енді дәптермен жұмыс жасаймыз. Қолымызды жаттықтырайық.	Суреттерге қарап сөздер құрастырады. Сергіту сәті жасалады. Суретке қарап сөйлем құрастырады. Сандар арқылы сөздер шығару. Дәптермен жұмыс.
Рефлексиялық-түзетушілік	Әрбір ойынды ойнап біткен соң, бізге қонаққа келген Тапқышбек оқушыларды мадақтап көтермелеп отырады.	Тапқышбектің ойындарын ойнап бітіреді. Мадақтау, бағалау.

Күтілетін нәтиже: Сөздік қорын арттыру.

Білу: Балалардың тілін ойын арқылы дамыту.

Игеру. Ойлау қабілетін қалыптастыру.

Үйрену: Суреттер арқылы жұмыс жасау.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 21.09. – 28.09.2021ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: Сөздер мен дыбыстар

Мақсаты: Сөз, дыбыс туралы ұғымдарды түсіндіру. Сөздің дыбыстан құралатынын, дыбыстың дауысты, дауыссыз болып бөлінетіні жөнінде түсінік беру.

Көрнекілігі: ойыншықтар, суреттер, үлестірмелі материалдар, текшелер, кеспе әріптер

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Аспан түрді түндігін Жерге сәуле жайылды. Неткен ашық күн бүгін, Қайырлы таң, қайырлы!	Балалар шеңбер жасап тұрып қайталайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балалар назарын өзіме аударып, есік қағамын, балалардан не істегенімді сұраймын. Дабылды соғамын да, не естігендерін сұраймын. -Дұрыс балалар, сендер дыбыс естідіңдер. Бірақ ол дыбыстар біркелкі ме? -Дыбыстар әр түрлі болады. Мысалы: А-А десек? Оны созып айтуға болады. Дауысымыз еркін шығады. Ал енді бір дыбыстардың айтылуы қысқа. Мысалы: Д дыбысы. Қане, бәріміз осы екі дыбысты айтып көрейік. Айырмашылығы қандай? Бұл дыбыстарды жеке-жеке айтсақ, ол дыбыс. Енді осы дыбыстардан сөз құрайық. Топта көргендеріңнен, ойыншықтардың аттарын, заттарды атаңдар. -Сөз бір нәрсе туралы ұғымды білдіреді. Қуыршақ бұл ойыншықты білдіреді. Осы сияқты басқа сөздерді де айтуға болады. Сөз дыбыстан құралады. Енді	Балалардың жауаптары тыңдалады.

	ана сөзін талдайық. АНА- неше дыбыс бар? -Дұрыс айттыңдар, ана сөзі үш дыбыстан құралған. Келесі сөзді өздерің ойлап , кезекпен айтыңдар. -Жеке дыбыс ойлаңдар. "Кім көп біледі?" ойыны. Алфавит сыры: Алфавиттің А тұрады басында Әрқашанда Ә тұрады қасында. Байқадың ба Б тұрады үшінші, Ал, осының сыры неде? Түсінші. А деген ол- Аналар ғой ардақты Ә деген ол- Әкелер ғой салмақты, Б деген ол- Балалар ғой әдемі, Біздің елде Үшеуі де кәделі... Алшақ кетпей, Сондықтан да, расында, Тұрады олар Алфавиттің басында! -Жақсы балалар, енді	Балалар жеке дыбыстарды айтып жарысады.
Рефлексиялық-түзетушілік	"Сөз жарысын" ұйымдастырайық. Кім көп сөз айтса, сол жеңімпаз болады. Сөз, дыбыс ұғымдары жөнінде сұрақтар қояды. -Дыбыс пен сөздің айырмашылығы неде? -Дыбыс қандай болады? -Сөзге мысал ойла. -Жан- жануар қалай дыбыстайды? Балалар жауаптарын толықтырып, сабақ аяқталады.	Балалар сөздер айтып жарысады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: түрлі дыбыстар бар екенін;

Нені игерді: дыбыстардан сөз құрауды;

Нені біледі: дыбыстық талдау жасауды.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 05.10.2021ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «А» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: А әрпін таныстыру, А әрпі бар сөздерді оқуға, жазуға үйрету. Сөздік қорларын дамытып, көркем жазуға баулу. Балаларға А дыбысы бар сөз, сөйлем, ойлап табуына назар аудара отырып, сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуге тәрбиелеу

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі Жылдың қай мезгілі, қай ай, аптаның қай күні жайлы сұрақтар қою. Дыбыс және әріп туралы не білетіндерін еске түсіру. Балаларға жұмбақ жасырады.	Балалар жыл мезгілі, апта күндері жайлы сұрақтарға мүлтіксіз жауап береді. Дыбыс пен әріп туралы сұрақтарға жауап береді. Жұмбақты шешеді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	А дыбысы бар сөздерді көрсетіп, алма деген сөз қай дыбыстан басталатынын сұрайды. А дыбысы дауысты дыбыс не дауыссыз дыбыс екендігін айту. Алма сөзін қандай текшелерменен жазуға болатынын сұрайды. А дыбысының баспа және жазба түрін көрсетіп, таныстыру. А дыбысын ауада жазып көрсету. А дыбысын ауада жазып көрсету. "Кім жылдам?" ойынын ойнату. Шапалақ арқылы буынға бөлгізу. Балалардан А дыбысына байланысты тақпақ сұрайды. Дәптермен жұмыс. Үлгіге қарап сызықтарды қосқызу. Ребус шешеді.	Балалар суреттерді көріп, атын атайды, қай дыбыстан басталатынын айтады. А дыбысы дауысты дыбыс екендігін айтады. Алма сөзін текшелермен жазады. А дыбысының баспа және жазба түрімен танысады. А уада А дыбысын жазады. Кім жылдам ойынын ойнайды. Сөздерді буынға бөледі. Балалар А дыбысына байланысты тақпақтарды айтады. Дәптерді ашып, үлгіге қарап сызықтарды қосады. Берілген ребусты шешеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Қай дыбыспен танысқандарын сұрайды. Дауыссыз не дауысты дыбыс екендігін сұрайды. Сөздерді А дыбысына байланысты құрайды.	Өтілген әріптерді айтады. Дауысты, дауыссыз дыбыс екендігін айтады. А дыбысына сөздер құрайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Дидактикалық материалдар арқылы ой қиялын біледі.

Игеру керек: Сөйлеу дағдыларын игеру.

Үйрену керек: Сөздік қорын байыту, байланыстыра сөйлеуді үйрену..

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 12.10.2021ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «А» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Күн астындағы Күнекей қыз ертегісі бойынша А дыбысымен және әрпімен таныстыру. А әрпін ауа арқылы жазып көрсету. Сөз ішіндегі дыбыстардың жуан, жіңішке, дауысты, дауыссыз болып бөлінетіндерін ұғындыру.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріп, әріп таңбасы, суреттер, қаңбақ, қоржын, асықтар, тұмарша, ертегі кейіпкерлері

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Әуелі ертегіні оқып, мазмұнын айта бастайды. Сол кезде Қаңбақ келеді. Балалар зейіндерін сабаққа аударады. Сөздерді буынға бөлгізеді. Сөздермен сөйлемдер құрайды.	Балалар қаңбақты көреді. Зейіндерін сабаққа аударады. Лас, лақ, бала, тал сөздерін буынға бөледі. Осы сөздерден сөйлем құрайды. Балалар сергіту сәтін жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Қаңбақтың ішіндегі хатты алып, хатты оқиды. Бір жұмбақ оқиды. Еркін отырып жұмбақты қайталатады. Жұмбақтың жауабындағы алғашқы әріпті сұрайды. А дыбысының қандай дыбыс екендігін сұрайды. Ал, енді А дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтірмеді. Тапсырма орындайды: Әріптерді алып тастау арқылы жұмбақ жасырады. Сергіту сәтін жасайды. Қоржынмен жұмыс: Қоржында үш тұмарша болады. 1-тұмарша: А әрпіне байланысты жұмбақ жасырады. 2-тұмарша: Ай, ат, ана сөздеріне сөйлем құрайды. 3-тұмарша: Алма, сағат, айна сөздерін буынға бөлгізеді. А дыбысын ауада жазып көрейік.	Қаңбақтың ішіндегі хатты қызығушылықпен оқиды. Жұмбақты шешеді. Отырып жұмбақты қайталайды. А дыбысының дауысты дыбыс екендігін айтады. А дыбысынан басталатын сөздерге мысал келтіреді. Жұмбақты шешеді. Сергіту сәтін жасайды. Қоржынмен жұмыс жасайды. Қоржындағы тұмаршаларды оқиды. Тұмаршалардағы тапсырмаларды орындайды. А дыбысын ауада жазып көріп, дәптерге жазады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балаларға жұмбақ жасырады. Жаңа сөз ойла ойыны ойналады.	Балалар жұмбақты шешеді. Ойынды қызығушылықпен ойнайды.

--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: А дыбысы бар сөз , сөйлем ойлап шығады.

Игеру керек: Сөз ішіндегі дыбыстар жуан, жіңішке дыбыстарды табады.

Үйрену керек: А дыбысын ауада жазып көрсетеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 19.10. – 26.10.2021ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Н» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Сабақтың мақсаты: Н дыбысын сөз құрамына бөліп алу, Н дыбысын дұрыс дыбыстау, Н әріпін таныту. Балалардың ұшқыр ойлау қабілетін дамыту.

Көрнекі құралдары: Әліппе, сурет, кеспе әріптер, қима буындар: ла, ну, на, нау.

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Тәрбиеші тапсырмалар береді. 1-тапсырма: Суретті көрсетіп, не екендігін сұрайды.Бұл сөзді буынға бөледі. 2-тапсырма: Апа сөзін буынға бөл, дыбыстық талдау жасау. 3-тапсырма: А та сөзіне дыбыстық талдау жасайды.	Балалар тапсырмаларды орындайды. Аттың суреті болып табылады, сөзді буынға бөледі. Сөздерге дыбыстық талдау жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Конвертті ашып, ішінен нанның суреті шығады.. Ненің суреті екендігін сұрайды. Нан сөзін бірнеше рет қайталату. Нан сөзінде бірінші қандай дыбыс естіліп тұрғанын сұрайды. Тақтадағы "Нан" суреті бойынша әңгіме құрастырту, нанның пайдасы жөнінде түсінік береді. Тыйым сөздермен таныстыру: 1. Нанды бір қолмен үзбе! 2.Нан уығын тастама! Жұмбақ жасырады: 1.Өзі үлкен жануар, Үстінде екі тауы бар. 2.Кірш- кірш етеді, Ішіне кіріп кетеді. Н дыбысына дыбыстық талдау жасап, оның дауыссыз екендігін анықтайды. Қима әріптерден " Нан", "нар" т.б сөздер құрату.	Бір бала шығып, конверттің ішін ашады. Конверттен нанның суретін алады. Сөзді бірнеше рет қайталайды. Жаңа дыбыспен танысады. Нан суреті бойынша әңгіме құрастырады. Қазақ халқының тыйым сөздерімен танысады. Жұмбақтардың жауабын мүлтіксіз шешеді. Нар, ине деп жауап береді. Қима әріптермен сөздер құрайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	"Нан құдіреті "ертегісін оқып, түсіндіру. Сергіту сәті. Ана, нан сөздерін салыстыра отырып, буынға бөлгізу, нан сөзінің буынға бөлінбейтінің түсіндіру. Жұмбақ: 1.Жезге ұқсас сабағы,	Ертегіні түсініп, ұғынады. Сергіту сәтін қайталайды. Ана, нан сөздерін буынға бөледі. Балалар жұмбақтар

	Дәні – халық тамағы. 2.Үсті тас, асты тас, Ортасында піскен ас. Қандай дыбыспен танысқанымызды сұрайды. Нанның, бидайдың суретін салады.	шешеді.Бидай, нан деп жауап береді. Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.
--	--	---

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Н дыбысын сөз құрамынан бөліп алу.

Игеру керек: Н дыбысының айтылуын, жазылуын игерді.

Үйрену керек:Н ыбыстық талдау жасап, сауатты жазуға үйренуде.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 02.11. – 09.11.2021ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Ғ» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Ғ дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра отырып, дидактикалық материалдарды пайдаланып, балалардың ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. Балалардың Ғ дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, сөздік қорына мән беріп, байланыстыра сөйлеуге үйрету.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріп, әріп таңбасы, суреттер, текшелер, ребустар

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Балалардан қазір қай мезгіл, қандай ерекшеліктер болатынын, жұманың қай күні екендігін сұрайды.	Балалар қандай мезгіл екендігін, жұманың қай күні екендігін айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жаңа әріппен таныстырады. Көп әріп ішінде,- Шалғы пішінде, Тап, мұны түсін де. Ғ әріпін қайта- қайта қайталату. Ғ дыбысына байланысты сөздер құрату. Балға сөзін тақтаға текшелер арқылы жаздыру. Жаңылтпаш үйренейік. Ағабай ағасын, Ағатай ағасың! Аға деп бағалар, Ағаның бағасын. Сергіту сәті. Солға, солға түзу тұр, Оңға, оңға түзу тұр. Алға қарай бір адым Артқа қарай бір адым Жоғары, төмен қарайық Орнымызды табайық. Орындарынды қарап жүргенде мен бір жұмбақ тауып алдым. Жоқ өзінде бас та, Қас та, мойын да, Ұзындығы жазулы тұр бойында. С ызғыш сөзіне дыбыстық талдау жасату.Буынға бөледі. Дыбысты айтып көріп, Ғ дыбысының таңбасымен танысады. Ғ әріпін ауада жау. Дәптерді ашып, үзік сызықтарды	Жаңа әріппен танысады. Жұмбақты шешеді. Жауабы: Ғ әрпі Ғ дыбысына байланысты сөздер құрайды. Бір бала тақтаға балға сөзін текшелер арқылы жазады. Жаңылтпашты кідірмей айтып көреді. Сергіту сәтін жасайды. Балалар жұмбақты шешеді. Сызғыш. Сызғыш сөзіне дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі. Ғ дыбысының таңбасымен танысады. Ғ әріпін ауада жазады. Дәптерге үзік сызықтарды

	қосып, Ғ дыбысын жазғызу. Сергіту сәті: Біз жаздық, біз жаздық, Қолымыз шаршады. Ақырын дем алып, Қайтадан жазамыз.	қосып жазады. Сергіту сәтін жасайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Дәптерге жазып болған соң , ойын ойнаймыз. " Ғарышқа ұшу " ойыны Ребус шешкізу. Ойын : Сөйлемді толықтыру. 1.Өзімнен үлкен бауырым(аға) 2.Қыз құлағындағы әшекей.....(сырға) 3.Атам ат(тағалады) Орамал тастамақ ойыны: Ойын кезінде өтілген әріптерді айтып, балаға орамал лақтырады.	"Ғарышқа ұшу" ойынын ойнайды. Тапсырмаларды орындайды. Ребусты шешеді. Шешуі: сандық, жаға, таға Сөйлемдерді толықтырып айтады. Орамал тастамақ ойыны ойналады. Балалар айтылған әріпке сөз құрайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Ғ дыбысы бар сөз, сөйлем ойлауды білді.

Игеру керек: Дидактикалық материалдармен жұмыс істей білуді игерді.

Үйрену керек: Байланыстыра сөйлеуге үйренеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 16.11. – 23.11.2021ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Р» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Өткен дыбыстарды еске түсіре отырып, ойлау қабілетін арттыру. Р дыбысымен танысу, өз бетінше сөз, сөйлем құрастыруын қадағалау. Дыбыстық талдау жасауға, сауатты жазуға тәрбиелеу.

Көрнекі құралдары: Шар, ара суреттері, кеспе әріптер, буындар, иттің суреті

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезең Әріп элементін тарату. Қайталау. Өтілген әріптерді көрсету. Еске түсіру.	Балалар әріп элементтерін алып, әріптерді құрастырады. Өтілген әріптерді естеріне түсіреді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Р әріпімен танысу. Р дыбысы бар сөздерді буынға бөліп, оқытқызу Иттің суретін көрсете отырып, оған ат қойғызу, сипаттау, қалай дыбыс шығаратынын сұрау. Жұмбақ жасыру. Тақпақ оқып береді. Шар, ара суретін көрсетіп, сипаттау Р дыбысын тапқызу, текшеге жазу. Сергіту сәті. "Балақан" Ауада жазу. Жазу.	Балалар хормен буындарды айтады. Р дыбысы бар сөздер құрап, оларды буынға бөледі. Қалған балалар орындарында отырып дауыстап айтады. Балалар иттің суретімен жұмыс жасайды. Жұмбақты шешеді. Тақпақтағы Р дыбысын табады. Сөздерді текшеге жазады. Балалар сергіту сәтін орындайды. Р әріпінің баспа және жазба түрі көрсетіледі. Балалар бірге ілесіп жазады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Шар, ара сөзін қатыстырып, сөйлем құрау. Буынға бөлгізу. Өз ойларынан Р дыбысын қатыстырып сөз құрастыру. "Тапқышбек" ойыны.	Сөйлем құрап, буынға бөледі. Балалар "Тапқышбек" ойынын ойнайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Сөз, сөйлем құрастырады.

Игеру керек: Р дыбысын дұрыс дыбыстай алады

Үйрену керек: Сауатты жазуды үйренеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 30.11. – 07.12.2021ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «О» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: О әріпімен балаларды таныстыру. Құрамында О дыбысы бар сөздерді талдау. О дыбысын дұрыс дыбыстатып, оның таңбасын – әріпін таныту.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, әліппе, сызба, кесте.

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Балалар бүгін біз сендермен " Әріптер бағына" саяхатқа шығады. Әріптер бағына барады. Білім көлігімен барады. Онда қарап тұрмайық. Ал, балалар , ойнайық. Ойнайық та ойлайық. Қандай жұмбақ болса да Шешпей оны қоймайық.	Балалар " Әріптер бағына" саяхатқа шығады. Балалар Білім көлігімен барады. Шаттық шеңберін жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	1.Оюда бармын, Допта бармын. Түнде жоқпын. Мен сонда қандай дыбыспын? О дыбысын үш рет хормен қайталату. Осы дыбыспен сөздер ойлап табу. О қандай дыбыс? Балаларға мысал келтірту. Сергіту сәті. Оң қолымда – бес саусақ, Сол қолымда – бес саусақ. Алақанды ашамыз, Бесті беске қосамыз. Кел, санайық ал мұны, Нешеу болды барлығы? Оң қолымда – бес саусақ, Сол қолымда – бес саусақ. Жасырып ем бесеуін, Қалды мұнда нешеуі? Бесеу екен қалдығы, Нешеу еді барлығы. О дыбысы кездесетін сөздерді тапқызып, дыбыстық талдау жасату. Дәптерді ашқызып, үзік сызықтарды қосқызады.	Балалар жұмбақты шешеді.(о дыбысы) О дыбысын бірнеше рет қайталайды, осы О дыбысымен сөздер құрайды. Сергіту сәтін жасйды. О дыбысы бар сөздерді тапқызып, оларға дыбыстық талдау жасайды.Дәптерді ашып, жазуды жазады. Ою сөзімен үлгіге қарап,

	Оқулықтың бетіндегі Ою сөзімен үлгі бойынша сөйлем құратады. Балаларға буындарды толықтырып оқып беруді бұйырады. "Күн мен түн" ойыны ойналады. Балалар сөздерді оқып, олармен сөйлем құратады.	сөйлем құрайды. Буындардан сөз құрайды. Ойынды ойнайды. Балалар сөздерді құрайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Тақпақтар, жұмбақтар айтылып ішінен О дыбысы табылып, сөздерді буынға бөлгізу.О әріпін келтіре отырып, Отан тақырыбына әңгімелесу. Отанды әркім анасындай, Қастерлейді, қолдайды. Өйткені отан баласындай, Бізді асырап, қорғайды. Отан деген- атамекен, Отан деген- туған жер. Отан ана, Отан- пана, Қазақстан- туған ел. О әріпімен сөздер құрғызады	Балалар жұмбақтар, тақпақтар айтады.О дыбысын тауып, сөздерді буынға бөледі. Отан тақырыбына әңгімелеседі. Отан жайлы тақпақтың мазмұнын түсінеді. О әріпімен сөздер құрайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: О дыбысы бар сөз, сөйлем ойлату.

Игеру керек: Балаларды ұғымдылыққа тәрбиелеу

Үйрену керек: Құрамында О дыбысы бар сөздерді талдау.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 14.12 – 21.12.2021ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Қ» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: «Қ» дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра келіп, балалардың сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, нық, таза сөйлеуге үйрету.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, текшелер, киіз үй суреті, сөзжұмбақ, сандық, торсық, жастық, сөзжұмбақ

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Өтілген дыбыстарды қайталайды. Мына суреттен нені көріп тұрмыз?	Өтілген әріптерді қайталайды. Суреттегі қазақтың ою өрнегі сырмақпен танысады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Бүгінгі сабағымызда Қ дауыссыз дыбысымен танысамыз. Дауыссыз дыбыстар қандай текшелермен белгіленеді? Жұмбақ жасырылады. Әжемнің қолында шыр айналар, Шыр айналса, өзіне шыр байланар. Ұршық сөзінде Қ дыбысы қай жерде екендігін сұраймын. Қарақат, ұршық сөздерін тақтаға жазғызамын.Сөздерде неше буын бар екендігін сұрайды. Сергіту сәті. Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалды сыбдырды. Ойлы қырлы жерлерден, Ытқып- ытқып жүгірді. "Ойлан тап " ойынын ойнайды. Қолымдағы ыдыстың атын сұраймын.Заттарды көрсетіп, буынға бөлгіземін. Эвристикалық қабілетті арттыру үшін сөзжұмбақ ұсынамын.	Балалар Қ дауыссыз дыбысымен танысады. Дуысты дыбыстар көк текшемен белгіленетінін айтады. Балалар жұмбақты шешеді. Қ дыбысы қай жерінде тұрғанын айтып береді. Сөздерді текшелер арқылы жазады, буынға бөледі. Сергіту сәтін жасайды. Ойынды қызығушылықпен, көрсетілген суреттердің айта отырып ойнайды. Сөзжұмбақ шешеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Сюжетті ойын"Аукцион" Салтанат деген фирмандан, Қаламқас жүр жан сала. Қазақтың киімдерін, бұйымдарын Танытамын деп баршаға Қазақтың ұлттық киімдері мен бұйымдары жөнінде жұмбақтар жасырылады,.	Балалар Аукцион ойынын ойнайды. Қазақтың киімдерін, бұйымдарын баршаға таныстырады. Жұмбақтарды шешеді.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Сөйлем ойлап, байланыстыра сөйлей біледі.

Игеру керек: Сюжетті ойын арқылы ата- бабамыздан қалған асыл мұрасын қастерлейді.

Үйрену керек: Сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, таза сөйлеуге үйренеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 28.12 – 11.01.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «М» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: М дыбысын сөз ішінен бөліп айта білу, дауыссыз дыбыс екендігін түсіндіру. Баспа және жазба түрлерімен таныстыру. Дұрыс оқуға төселдіру.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, текшелер, киіз үй суреті, сөзжұмбақ, сандық, торсық, жастық, сөзжұмбақ

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Сабақты "Ойлап, ойна" ойынымен бастау. Мақпал мата сатып алды. Мынау мата дүкені. Әр сөзден М әріпін атады. Әр сөйлемді жеке айтқызу.	Ойнап, ойла ойынын ойнайды. Сөйлемде екі сөйлем бар екендігін, әр сөзден М әріпі болса атады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Оқулықпен жұмыс. Суреттегі атаулардың әрқайсысын буынға бөлгіземін. Сөздермен бірнеше сөйлем құрату. М дыбысы сөздің қай жерінде кездесетінің анықтату. Үзік сызықтарды қосып, буындап оқыту. М дыбысы бар сөздер ойлап тапқызады. .	Балалар оқулықпен жұмыс жасайды.. Суреттегі атауларды атап, буынға бөледі. Сөйлем құрайды. Сөздердің ішіндегі М дыбысы басында, ортасында, аяғында кездесетінің анықтайды. М дыбысы бар сөздер ойлап табады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Мата, алма сөздерін қима әріптермен құрату, алма сөзін қатыстырып сөйлем құрату. Алма сөзін буынға бөледі	Балалар мата, алма сөздеріе кеспе әріппен жазады. Алма сөзін буынға бөледі.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: М дыбысын сөз ішінен бөліп айта біледі.

Игеру керек: Дұрыс оқи білуді игереді.

Үйрену керек: М дыбысына сөз, сөйлем құрастыруды үйренеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 18.01. – 25.01.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Б» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Б дыбысымен танысу сюжетті сурет бойынша әңгіме құрату арқылы, балалардың ойлау қабілетін дамыту, сөздік қорларын молайту. Б дыбысына сөздер айтып талдау жасап үйрету.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, текшелер, балапан, бақа, балта, балық, бұғы, бұзау.

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Балалардан күнді, қандай ай, қай мезгіл екенін сұрайды. Бақанын суретін көрсетіп, не екенін сұрайды. Бақаның қимылын сұрап, бақа туралы тақпақ айтады. Бақа, бақа, балпақ, Басың неге жалпақ? Темір терсек көп киіп, Басым содан жалпақ. Бақа, бақа, балпақ, Бұтың неге талтақ? Су бетінде көп жүзіп, Бұтым содан талпақ. Таныс емес қай дыбыс? Дұрыс айтасындар Б дыбысы.	Балалар амандасып, тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Бақаның қимылын келтіріп, барлығы бақа туралы тақпақ айтады. Бақа сөзінде таныс емес дыбыс Б дыбысшы екендігін айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Балаларға бірнеше сурет көрсетіп, ондағы заттардың атын атату. Балаларға балтаның суретін көрсетіп, онымен не істейтінімізді сұрайды. Балға, кетпен, күрек, тырманын қызметімен таныстырып, ортақ аттары құрал- саймандар екені түсіндіріледі. Шалбар сөзінде Бдыбысы қай жерде екендігін сұрайды. Жаңа дыбысты айнаға қарап дыбыстатып айтқызу, дыбыстарды дұрыс ажыратуына, ерін мен езу қимылдарына байланысты дыбыстарды оның айта білуіне үйретеді. Б дыбысын созып айтуға келмейтінін, Б дыбысын	Балалар құрал – саймандардың суретін көріп атауларын атайды. Балалар жауап береді. Шалбар сөзінде Б дыбысы ортасында тұрғанын айтады. Айнаға қарап Б дыбысын айтады. Б дыбысы дауыссыз дыбыс екендігін, Б дыбысын созсақ Ы дыбысы қосылып кететіндігін а түсінеді. Б дыбысынан басталатын

	созыпайтсақ Ы дыбысы қосылып кететіндігі туралы айтып кетемін. Б дыбысынан басталатын сөздер құрату.Сөздерді буынға бөледі. Кеспе әріптен Б дыбысының баспа және жазба түрімен таныстырады. Әріпті ауада жазып көрсетемін. Сергіту сәті: Бала, бала, балақан, Қане қайсы алақан? Саусақтарың әйбат, Былай- былай ойнат. Б дыбысына сөздер ойлатып, сол сөздерді текшемен жазғызамын. Б дыбысынан басталатын заттарды сурет арқылы көрсету. Жұмбақ жасырылады. Табада бар, Танада жоқ. Сабада бар, Санада жоқ. Сюжетті сурет көрсетіледі. Саңырауқұлақты паналаған балалапандар. Осы сурет арқылы сөйлем құрайды.	сөздерді құрап, сөздерді буынға бөледі. Б әріпін ауада жазады. Сергіту сәтін балалар жасайды. Жұмбақты шешеді."Б" дыбысы Сурет арқылы сөйлемдер құрастырады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Біреуіміз саңырауқұлақ болайық, қалғанымыз балалпандарымыз.Саңырауқұлақ кішкентай болды деп отырамын "жаңбыр жауды" деген сөзден кейін саңырауқұлақ өсіп кетеді.Ол кезде орнымнан тұрамын. Ал балапанддар сол кезде жүгіріп келіп, саңырауқұлақтың астына жиналады. Балапан сөзі арқылы қортындыланады.	Балалар бірнеше реет қайталап ойнайды. Балапан сөзіне дыбыстық талдау жасайды.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Б дыбысының баспа және жазба әріптерін біледі.

Игеру керек: Ұқыптылықты, ептілікті игереді.

Үйрену керек: Б дыбысына сөздер айтып талдау жасап үйренеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 01.02 – 08.02.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «С» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Өткен дыбысты қайталата отырып, есте сақтау қабілетін арттыру.

Жаңа С дыбысымен таныстыру, сөз, сөйлем құруға дағдыландыру. Ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, текшелер .

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Шеңбер құрып, балалариен амандасамын. Сергіту сәті: Сұр қоян Өткен дыбыстарды қайталау. Дыбыстардың айтылуын тексеру. Әрбір әріпке сөз құратамын. Сөздерден сөйлем құратамын. Сөздерді буынға шапалақ арқылы бөледі.	Балалар шеңберге тұрып, амандасады. Сергіту сәтін жасайды. Өтілген дыбыстардың баршасын қайталап, әр әріпке сөз, сөздерден сөйлем құрайды. Әрбір сөзді шапалақтап буынға бөледі.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Алфавиттен А және С дыбысын тапқызу. Кеспе әріптен осы әріптерді тапқыза отырып, текшеге буын құратқызамын. Буындардан сөз, сөйлем құрату. Ойын: "Мен айтайыншы " Ауаға кез- келген әріпті жазамын . Балалар табады. С дыбысының айтылуын, қандай дыбыс екенін түсіндіру. С дыбысы айтылған кезде тілдің ұшы астыңғы тіске тіреле отырып белгілі кедергі арқылы шуылдап шығады. С дыбысы дауыссыз дыбыс. "Көкөністер жинау " ойынын ойнату арқылы жұмбақ жасырамын. Жаздай інге тығылып, Жатқан қызыл түлкіні. Құйрығымен суырып, Әкелді әжем бір күні / сәбіз/ Сәбіз –сөзін буынға бөлу арқылы с дыбысы қай буында тұрғанын тапқызамын. Сергіту сәті: Бір, екі, үш	Кеспе әріптен осы әріптерді тауып, текшеге буын құрап жазады. Мен айтамын ойынын ойнайды. Балалар әріптерді қызығушылықпен табады. С дыбысының баспа, жазба түрімен және дауыссыз дыбыс екендігін түсінеді. Жұмбақты шешеді. Сәбіз сөзін буынға бөлеміз. Сергіту сәтін жасайды.

	Қолға қалам аламыз С дыбысын жазамыз. Дәптермен жұмыс: Бір жолға әдемі, сауатты жазу: С С С С С т.с.с.	Балалар дәптермен жұмыс істейді.
Рефлексиялық- түзетушілік	Сақинаны, салғызды, Сарымсақты, сәбізді, Бастап тұрған қай әріп?- Сапсыз орақ тәрізді. С әріпі	Балалар жұмбақты шешеді.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Сөз, сөйлем құра біледі.

Игеру керек: Ауызекі сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды игереді

Үйрену керек: Таза, сауатты жазуға үйренеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 15.02. – 22.02.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Н» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Құрамында Н, Ң дыбыстары бар сөздерді талдау, оларды ажырата білуге, Ң дыбысы жөнінде дұрыс ұғым алуға үйрету. Балалардың тілін дамыту, сөздерді дұрыс оқуға баулу. Табиғатты, жабайы аңдарды қорғауға тәрбиелеу. Олар табиғаттың бір бөлігі екенін түсіндіру.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, текшелер, суреттер

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: -Балалар бүгін біз "Орманда" деген тақырып бойынша жұмыс жасаймыз. Орманда нелер мекендейді? -Оларды бір сөзбен не деп атаймыз? -Енді балалар аң сөзімен сөйлем құрайық. -Ал, орманда деген тақырыпқа кім шағын ертегі құрастырып береді. Аң сөзін буынға бөлу, дыбыстарды ретімен ататып, Ң дыбысының қандай дыбыстан кейін тұрғанын сұраймын, оның дауыссыз екенін түсіндіремін. -	Балалар Орманда тақырыбында әңгімелеседі. Сұрақтарға жаап береді. Аң сөзіне сөйлем құрайды. Балалар Орманда деген тақырыпқа ертегі құрастырады. Аң сөзін буынға бөліп, оның дауыссыз екендігін айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Ң дыбысы қай дыбысқа ұқсайды. Н мен Ң дыбыстарын жеке – жеке дыбыстату арқылы, айтылуына көңіл аударту. Бір қатарға Н, екінші қатарға Ң дыбысы бар сөздерді ойлап тапқызу. Ол сөздегі Н, Ң дыбыстарын салыстыра отырып талдау жасау, бұлар қандай дыбыс екенін айту. Аң сөзін құрату. Сергіту сәті: Суреттегі аңдардың қимылын келтіру. Оқулықпен жұмыс. Оқулықта бейнелен суретпен жұмыс: аттарын атату, буынға бөлу, сөйлем құрау. Жұмбақ: Қос арғымақ мінемін,	Балалар Ң дыбысы қай дыбысқа ұқсайтынын айтады. Н мен Ң дыбысының айырмашылығына көңіл бөледі. Н және Ң дыбысына сөздер құрайды. Осы сөздерге талдау жасап, қай дыбыстар екендігін айтады. Аң сөзін құрайды. Сергіту сәті Суреттегі аңдардың қимылын келтіру. Сөздерді буынға бөліп, сөйлем құрастырады. Жұмбақтарды қызығушылықпен шешеді.

	Жолсызбен-ақ жүремін. Шаңғы -Шаңғы сөзімен кім сөйлем құрайды? Балалар кірерде, үзіліске шығарда белгі беретін қандай құрал? -Шаңғы, қоңырау сөздерін қима әріптермен құратып, буынға бөлдіріп талдау. Жаңылтпаш айтқызып, оны жаттату. Шапсаң, шапшаң, Бұрқырайды ақ шаң. Ң дыбысы бар сөздерді дұрыс айтқызу.	Шаңғы сөзіне сөйлем құрафды. Сөздерді қима әріптермен жазады. Жаңылтпаш жаттайды. Ң дыбысы бар сөздер айтады.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Бүгінгі танысқан дыбыс қандай дыбыс? -ң дыбысы дауыссыз ба, әлде дауысты ма? -Қандай тақырып бойынша жұмыс жасадық? -Орманда нелер мекендейді? -Аң сөзімен кім сөйлем құрап береді?	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Ң дыбысын сөз ішінен бөліп айта біледі.

Игеру керек: Сауатты жаза білуді игереді.

Үйрену керек: Ң дыбысы жөнінде дұрс ұғым алуға үйренеді

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 01.03. – 15.03.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Е» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Өтілген дыбыстар туралы балалардың білімін бекіту. Е дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыру. Балалардың Е дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару. Олардың сөздік қорларына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету, ұғымталдыққа тәрбиелеу.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер ,буындар, суреттер

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі ? -Қай ай? -Аптаның қай күні? -Біз алдымен дыбыс дегеніміз не соған тоқталайық. -Дыбыстар нешеге бөлінеді? -Ал, біз әріптерді көреміз бе?	Бірнеше сауалдарға балалар жауап береді.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жұмбақ жасырылады. Егер мен К- ден бастасам, Тіісі жоқтың бірімін. К-ні алып тастасам Аяқ киімнің бірімін. Кетік- етік Етік деген сөз қай дыбыстан басталады? Е дыбысы дауысты дыбыс па, әлде дауыссыз дыбыс па? -Неліктен дауысты, көне бірге айтайық. -Ал енді Е дыбысына байланысты кім тез сөздер тауып айтады? -Қане, кім еден сөзін тақтаға текшелер арқылы жазып береді. -Еден сөзінде қанша буын бар? Е дыбысына байланысты тақпақ, жаңылтпаш айтып береді. Жұмбақ жасырылады. Елік сөзінде бастапқы дыбыс қандай? Е әріпінің баспа және жазба түрі көрсетіледі. Е дыбысын ауада жазу. Сергіту сәті: " Ұзын құлақ сұр қоян" Е дыбысын жазу	Балалар қызығушылықпен жұмбақтарды шешеді. Етік сөзі қай дыбыстан басталатынын айтады. Е дыбысы дауысты дыбыс. Мұғалімнің соңынан қайталайды. Сөздерді текшемен жазады. Оларды буынға бөледі. Балалар Е дыбысына байланысты білген тақпақ, жаңылтпаштарын айтады. Е әріпінің баспа және жазба әріпімен танысады. Е дыбысын ұқыпты ауада жазады. Дәптерді ашып, Е дыбысын ұқыпты жазады.

Рефлексиялық-түзетушілік	"Балықшы " ойыны. Балаларға ауланған әріптермен сөз құрату, сол әріпке сөйлем құрау. Ребус шешу: Ай + гүл=Айгүл Тас+ бақа=тасбақа. Ойын: "Сөйлемді жалғастыру" 1.Әжем ауылдан..... 2.Мен қызықты ертегі..... 3.Орманда бұлбұл "Дүкен" ойыны. Балаларға әріптер таратылып беріледі, сол әріпке байланысты затты сатып алады. "Кесе", "күрек", "бел", "ел", "ерін" сөздерін тақтаға жазғызады. -Балалар бүгін біз қандай әріппен таныстық? -Қане, Е дыбысына тез- тез сөз айтып жіберіңдерші.	Балалар "Балықшы" ойынын ойнайды. Әріптермен сөз құрап, сөздермен сөйлем құрайды. Балалар ребус шешеді, Сөйлемдерді жалғастырады. "Дүкен " ойыны ойналады. Балалар әріптер арқылы зат сатып алады. Сөздерді тақтаға жазады. Баалар сауалдарға жауап береді.
--	--	--

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Сөздік қорлары кеңейіп, байланыстырып сөйлей біледі.

Игеру керек: Е дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуды игереді.

Үйрену керек: Сауатты жаза білуге үйренеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 29.03. – 05.04.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «І» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: І дыбысы және әріп таңбасымен таныстыру, сөзге дыбыстық талдау жасату, оқуға, жазуға жаттықтыру. Балалардың сөздік қорын, тілін дамыту. Өз ана тілін, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, текшелер, кітаптың, ішіктің, түлкінің, ілгіштің суреттері

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Өтілген дыбыстарды кеспе әріптерден тапқызу. Қала, жан, ана, ата, т.б. сөздерді кеспе әріптермен жазғызып, буынға бөлгізу.	Кеспе әліппеден өтілген дыбыстарды табады. Сөздерді кеспе әріптермен жазып, буынға бөледі.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Кеспе әріптен і әріпін көрсете отырып, өлең шумаған оқу. Жалғыз таяқ боп тұр, Төбесінде доп тұр. Бұл не? І дыбысының әріп таңбасын таныстыру. Айтылу артикуляциясына мән беру. -І дыбысы жуан айтыла ма, әлде жіңішке айтыла ма? -Айтылуына қарай қандай дыбыс дейміз? Дауысты дыбыс екі түрлі айтылады. Айталық Ы дыбысы жуан дауысты, І дыбысы жіңішке дауысты болады. Сергіту сәті. Жел соқты гу-гу, Жаңбыр жауды тырс- тырс. Жаңбыр басталды. Күн ашылды. Сурет бойынша жұмыс. Тақтаға кітап, ілгіш, ішік, түлкі суреттері ілінеді. Сөйлем құрастыру. Сөздерге дыбыстық талдау жасату.	Балалар І әріпіне байланысты өлең шумағын түсінеді. Жұмбақ шешіледі. І дыбысының әріп таңбасымен танысады, айтылу артикуляциясын түсінеді. І дыбысы жіңішке айтылатынын ұғынады. Сергіту сәті жасалады. Суреттер бойынша жұмыс істеледі. Суреттегі сөздермен сөйлем құрайды. Сөздерге дыбыстық талдау жасалынады.
Рефлексиялық-түзетушілік	Өз бетінше жұмыс жүргізу. -Кеспе әріптеріңе тіл, кітап сөзін жазыңдар. Балаларға өз ана тілінің қадір қасиеті, кітап жайлы түсінік беру.	Балалар өз беттерінше жұмыс жасайды, Кеспе әріптермен сөздер жазады.

	Мақалмен таныстырып, жаттатқызу. Кітап білім бұлағы. І әріпінің кіші және үлкенін жаздыру. Ін, тіл, тіс сөздерін жазғызу Сергіту сәті. Кі-кі-кі-бұлаңдайды түлкі. Әріп тастамақ ойыны. Балаларға әріп таратылады, сол әріпке байланысты сөздер құралады.	Мақалды жаттайды. І дыбысының үлкен ,кіші әріптерін жазады. Сергіту сәті айтылады. Балалар қолдарындағы әріптерге сөз құрайды.
--	---	---

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: І дыбысын және оның әріп таңбасын біледі.

Игеру керек: Оқуға, жазуға жаттықтыру.

Үйрену керек: Сөзге дыбыстық талдау жасауды үйренеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 12.04. – 19.04.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Ә» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Ә дыбысы және оның әріп таңбасымен таныстыра келіп, балаларды сөздің дыбыстық мәдениетін сақтап, анық, таза сөйлеуге үйрету. Ә дыбысы бар сөз, сөйлем ойлап табуына назар аудару, олардың сөздік қорына мән беріп, байланыстырып сөйлеуге үйрету.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, әже, бесік, сырмақ, текемет, жастық, әлди, әріптер, әтеш, әке, сөзжұмбақ.

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: -Мына суреттен нені көріп тұрмыз? Әтешіміз "ақ" қанат Күзетшідей қырағы. Таң азаннан қақпада, Айқай салып тұрады. -Балалар, әтеш таң азаннан неге айқайлайды? -Ал, ояндың енді не істеу керек? -Әтеш тек қана бізді оята ма? Әдыбысына байланысты балалармен суреттер арқылы жұмыс жасау. Сюжетті ойын: Қатысушылар болады. Әже, Әсел, әлди. -Бұл сөздер қай дыбыстан басталады?	Суретке қарап тақпақтың не жайында болып тұрғанын айтамын. Балалар сұрақтарға жауап береді. Ә дыбысына байланысты суреттер мен жұмыс. Балалар сюжетті ойын ойнайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ә әрпін әріп кассасынан алып, балаларға көрсетеді.Ә дыбысының дыбыстық мәдениетін сақтап, анық таза айту үшін артикуляциялық жұмыс жүргізеді. Балалар Ә дыбысына қатысты тағы қандай сөздерді айта аламыз? "Әлди бөпем" әнін үйрену. Әлди- әлди бөпешім, Ұйықтай қойшы көкешім. Бармақтарын майысып, Ұста болар ма екенсін?	Ә дыбысының айтылу артикуляциясына назар аударып, түсінеді. Ә дыбысына қатысты сөздер айтады. Әлди бөпем әнін жттап, үйренеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Балалар бүгін біз сабақта не үйрендік? Әне отыр мысық, Өзі сондай қызық. Қарайды ол маған,	Бүгін сабақта Ә дыбысымен таныстық. Ә дыбысына қатысты тақпақ қайталайды.

	Бір көзін қысып. -Баланың "эвристикалық" қабілетін арттыру үшін сөзжұмбақ ұсынамын. Әже суреті Ә теш суреті Сәбіз суреті Ал бізге барлық әріптерді үйрететін кітап "Әліппе" деп аталады. Таныстырар әріппен Мынау кітап- әліппең "Әліппе" деген аты оның Басталған қай әріптен? -Балалар , үйден кітап, журнал, әліппе т.б. қарап шығып, әр қарағанда Ә әріпіне назар аударындар. Әкпе, әжелерің оқып беруін сұраңдар.	Сөзжұмбақ шешеді. Әліппе сөзі де Ә әріпінен басталатынын біледі. Жұмбақты шешеді. Балалар мақұлдайды.
--	---	---

Күтілетін нәтиже:

Білу керек:Ә дыбысына сөз, сөйлем ойлап таба біледі.

Игеру керек: Сөздің дыбыстық мәдениетін сақтауды игереді.

Үйрену керек: Анық, таза сөйлеуге үйренеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 26.04. – 03.03.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Ө» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Ө дыбысымен таныстыру. Бір сызықтың бойына Ө әріпінің жазылуын, сөз және сөйлем құрастыруын қадағалау. Буынға бөлуін, ауызша және жазбаша жазу абілетін арттыру.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, суреттер, текшелер, кітаптар.

Іс- кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: а) Үлестірмелі материалдарды тарату. Қайталау. а) Ө дыбысымен таныстыру. ә) Ө буыны бар сөздерді буынға бөліп, оқыту: -өс, -өк, -өр. б) Ө дыбысына байланысты жұмбақтар жасыру. Сарғайып отсыз піседі, Үзіліп жерге түседі. в) Ө дыбысына байланысты тақпақ. Өткел бар көше астында, Жер асты екі арада. Өрілген қабат тас мұнда Шамдары тұтас самала.	Балалар үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды. Ө әріпі бар сөздерді буынға бөледі. Жұмбақтың шешуі: Өрік Ө дыбысына байланысты тақпақ жаттайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жазу. а) Жазуға қолды даярлау. ә) Ауада жазу б) Әріптің жазылуын бақылау в) Баспа не жазба түріне көңіл бөлу. г) Үлестірмелі материалдармен жұмыс. ғ) Үлкен әріпін саусағымен үстінен басу, сызып жазу. д) Тақтаға жазып көрсетемін. е) Өз бетінше жұмыс. .	Балалар Ө дыбысын ауада және баспа түрде үлгіге қарап жазады. Үлестірмелі материалдармен жұмыс жасайды. Өз беттерінше жұмыс жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Ойын: "Кім жылдам?" О-Ө дыбысының орнын ауыстыру. Сабақты бікету. Сөз оқыту, өрнек, көл, көш, көп. Сабақты қорыту. -өс, - өр, -өк айтқызу.	Кеспе әріптерді пайдаланып, жылдам о-ө дыбысының орнын ауыстыру. Сөздерді оқиды. Буындарды айтады.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Ө дыбысын;

Игеру керек: Ө дыбысына байланысты сөздер оқуды ;

Үйрену керек: Сөз және сөйлем құрастырып.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 17.05. – 24.05.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: «Ү» дыбысымен және әріпімен таныстыру

Мақсаты: Балаларды Ү дыбысымен таныстыру, аталған дыбысқа сөз ойлату арқылы сөздік қорларын байыту. Ойын арқылы ойлау қабілетін дамыту.

Шыдамдылыққа, ептілікке тәрбиелеу. Жан- жануарларды сүюге тәрбиелеу.

Көрнекі құралдары: Кеспе әріптер, суреттер, текшелер, фигуралар, схемалар

Іс-кезеңдері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Ұйымдастыру кезеңі: Психологиялық дайындық. -Балалар, бір- бірімізге сабақты бастамас бұрын, жақсы тілек айтайықшы. Үй тапсырмасын тексеру. Ө дыбысына байланысты сөздер құрату. Жаңа сабаққа шолу.	Балаларды көңілдендіріп алу керек. Балалар бір- біріне жақсы тілек айтады. Ө дыбысына байланысты сөздер құрайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар, бізге бүгін үкі қонаққа келіпті. Ол орманнан көптеген жаңалықтар ала келіпті. -Үкі туралы не білеміз. -Балалар, үкі де сендер туралы көп нәрсе біледі екен. Үкі сөзінің басында қандай әріпті естіп тұрмыз? -Ендеше, бүгін біз сендермен "Ү" деген әріппен танысамыз. -Ү дыбысы кездесетін сөздерді айтайықшы. Сергіту сәті: Күн шықты. Сабақты ойын түрінде жалғастыру. Қызыл телпекті апасына алып баратын жолмен жүріп өтуіне көмектесу. Бұл схемада жол бойында есте сақтауға ыңғайлы ерекше, қызықты заттар кездеседі. Алдымен Қызыл телпек көпір арқылы өтуі қажет. Бұл көпірден өту үшін жаттығу ретінде "Крестер мен нүктелер" тапсырмасын орындайық. Әр оқушыға арнайы фигуралар беріледі, әрбір шеңберге "+" таңбаларын, үшбұрышқа "-" таңбаларын қойып шығу. -Тапсырманы дұрыс орындадыңдар. Көпірден өтіп, гүлді алқапқа шығамыз. Әрі қарай жол бізді сикырлы орманға алып барады.	Балалар таңырқай қарайды. Үкімен танысады. Үкі туралы не білетіндерін айтады. Үкі сөзінің басында Ү дыбысы естіліп тұрғандығын айтады. Ү әріпінің баспа және жазба түрімен танысады. Сергіту сәтін жасайды. Қызыл телпек ертегісін қайталау. Балалар Крестер мен нүктелер тапсырмасын орындайды.

	Ендеше орманда: Шыршадан шыршаға секіріп жүретін бір аң бар екен. Ол өзіміз жақсы білетін тиін. -Балалар сендер білесіңдер ме? Тиін "жазу машинкасы" ойынын ойнағанды жақсы көреді екен. Кеспе әріптерден сөздер жазып көрейікші. -Сендер жақсы ойнағандарыңа тиін өте қуанышты. Міне біз қызыл Телпектің әжесінің үйіне де келіп жеттік. Қызыл телпекте, әжесі де сендердің үйді жақсы тауып келгендеріңе қуанышты.	Кеспе әріптермен үй, ата, шөп, нан, доп, т.б. сөздерді жазады. Қызыл телпектің әжесінің үйінеде келеді.
Рефлексиялық-түзетушілік	Сонымен бүгін біз сендермен қандай дыбыспен таныстық? Қайсысы қалай дауыстайды? Бүркіт шаңқылдайды. Қарға қарқылдайды. Арыстан ақырады. Әтеш шақырады. Кірпі пысылдайды. Олардың ішінде , айтыңдаршы Не ғана үндемейді?	Бүгін біз Ү дыбысымен танысты. Ү дыбысы дауысты дыбыс. Балық деп жауап береді.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: Ү дыбысын сауатты жаза біледі..

Игеру керек: Ойлау қабілетін дамытады..

Үйрену керек: Сөз және сөйлем құрастырып үйрену

Ұйымдастырылған оқу қызметінің технологиялық картасы

Күні: 31.05.2022ж.

Білім беру саласы: Қатынас

Оқу қызметі: Сауат ашу

Тақырыбы: Қайталау

Мақсаты: Балалардың жыл бойы алған білімдерінің сапасына көз жеткізу. Ана тіліндегі өткен дыбыстарды қайталау. Сөзді буынға бөліп және тұтас оқуға жаттықтыру. Сауат ашуда сөздік қорды байыту, түрлі суреттер және сөздік ойындар арқылы балалардың байланыстырып сөйлеу қабілеттерін арттыру.

Сабақтың көрнекілігі: кеспе әліппе, суреттер, ребустар схемасы, атрибуттар.

Іс-кезендері	Тәрбиешінің іс- әрекеті	Балалардың іс- әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	-Балалар, біз бүгін білім еліне саяхатқа шығамыз. Ол жерде сендердің жыл бойы мектепте не үйренгендеріңді тексереді. Сендер ондай сынаққа дайынсыңдар ма? -Ендеше саяхатқа аттанайық.	-Дайынбыз.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жолда "Ғалым" кездесті. 1.Балалар мына көрсетілген суреттерді атап, дыбыстық талдау жасап жіберейік. 2. Мына суретте қандай пішіндер бейнеленген? 3. Логикалық есеп. Қыстыгүні ағаш басында үш алма өсіп тұрды. Оның біреуін мен үзіп жедім, сонда қанша алма қалды? Әріптер елінен бұларға ақ сақалды қария кез болады. "Өзгеше буынды тап" ойыны. Әріптер атасы балаларға рақметін айтып қала береді. Т: -Біздің саяхатымыз әрі қарай жалғасады. Жүре- жүре "Салауаттылық" еліне келіп жетеді. Сұрақ белгісі елінің иесі, өзінің үтір, нүкте көмекшілерімен балаларды қарсы алады. Сұрақ белгісі өзінің тапсырмасы бар конверттін ашады да, мына өмендегі тапсырмаларды оқиды.	Балалар тапсырмаларды орындайды. Жауабы: қыста алма өспейді. Балалар музыка әуенімен саяхатқа аттанады. Сұрақ белгісінің тапсырмаларын орындайды.

	1.Ата, көктем деген сөздерге сөйлем құрандар. 2.Дидактикалық ойын. 3.Ребустағы сөзді сурет бойынша оқу. 4.Суреттер арқылы "қалам" сөзін жазу. 5.Жұмбақтар шешу. а) Қабат- қабат қаттама, Ақылың болса аттама. (Кітап) ә) Ат міндім қара ала таяқ, Жүргенде жол салады табандатып. (Қалам) Сұрақ белгісі балалармен қоштасады. -Балалар, біз бағанадан бері жол жүріп шаршаған болармыз. Ән айтып, би билеп, біраз бой сергітеміз.	Ән айтып, би билеп сергиді.
Рефлексиялық-түзетушілік	-Өте жақсы, балалар. Байқайсыңдар ма, балалар, күн де кешкіріп қалыпты. Біздің қайтар уақытымыз таяп қалған сияқты . Ал енді қайтсақ қалай қарайсыңдар. -Бүгінгі саяхатымыз ұнады ма?	Балалар қуанышты көңіл күймен саяхаттан қайтады.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: жыл бойы танысқан әріптерді;

Нені игерді: жыл бойы өткен білімдерін;

Нені біледі: дыбыстарды.